

# 25 қазан - Республика күні құтты болсын!

№9 (559) 22 қазан 2022 жыл

# Zhangir

2004 жылдың  
наурыз айынан шығады



ZHANGIR KHAN  
UNIVERSITY

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

## Тың серпіліс. Жаңа леп. Оң бастама

Республика күні қарсаңында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде өткен салтанатты іс-шараға қатысқан облыс әкімі Ғали Есқалиев жақсы істердің куәсі болғанын жасырмады.



Алдымен облыс басшысы Ғ.Есқалиев пен университеттің басқарма төрағасы-ректор Асқар Наметов қосалқы ғимаратта жұмысын бастаған «Жастар бастамасын дамыту орталығының» лентасын қиып, салтанатты рәсімін жасады. Бұдан соң өңір басшысы бастаған қонақтар өз жұмысын кеңейтілген мүмкіндіктермен жаңа орында жалғастырып жатқан «Жастар бастамасын дамыту орталығының» қызметімен танысты. Жаңадан ашылған «Жастар бөлмесін», «Дыбыс режиссері» мен «Ұлттық музыкалық аспап-

тар» және гримдеу бөлмелерін, ұлттық және заманауи би залдарын, «Мәдениет және өнер» студиясын, «Жәңгір хан» спорт клубын аралады. Облыс әкімі жоғары кәсіби білім ала жүріп, өнер мен спортты жандарына серік еткен жастармен, спортшылармен аз-кем тілдесіп, өнерлерін көрді.

Сондай-ақ облыс басшысы ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған «Жеті қазына» жобасының «Ұлы дала ғажайыптары» бағыты бойынша өткізілген «Күй – тектілік тереңі» атты жас күйшілер байқауын тамашалады. Өзінің

құттықтау сөзінде Ғали Нәжімеденұлы:

– Жәңгір хан университетінде жастардың бастамасын дамытуға арналған арнайы орталықтың болуы – көңіл қуантарлық жағдай. Еліміздің әр аймағында «Жеті қазына» жобасы аясында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып жатса, соның төрт бағытын осы университет қабырғасында жүзеге асыру да – жақсы бастама. Бүгін көптеген оңды өзгерістердің куәсі болдық. Облысымыздың ауылдарынан, өзге өңірлерден біздің қаламызға білім қуып келген студент-жастар бос уақыттарын тиімді ұйымдастырып, өнер немесе спорт бойынша өзі қалаған іспен айналыса алады. Мен осы жоғары оқу орнынан білікті маман, еліміздің дамуына үлкен үлес қосатын тұлғалар шығарына сенімім мол, – дей келе, университет ұжымы мен білім алушыларды Республика күнімен құттықтады.

«Жеті қазына» жобасы аясындағы күйшілер байқауына бес институттың үміткерлері қатысып, жеке және топтық күй орындау шеберліктерін сынға салды.



## Отан

Адамға ең ерегі Отан дер ем,  
Азат болу алдымен отарлы елден.  
Халықтың бар ынтымағы, бірлігі де,  
Көгереді дәл осы Отанменен.

Отан сенің ырысың, бар байлығың,  
Отан үшін тәуекелге бармайды кім?!  
Дәл осындай берекенді тастайтындай,  
Қандай зұлым, жүрегінді арбайды кім?!

Отан сенің Алла берген аманатың,  
Ол - қасиет арыңмен тең саналатын.  
Дүниенің құндылығы «көртышқандай»,  
Отан үшін тасада қамалатын.

Отаныңды еш себепсіз сую парыз,  
Отан үшін қан майданда кую парыз.  
Бақытыңды дәл осындай айырбастап,  
Жалғанның жай қулығына қызықпаңыз...

Әділет БАЛПЕЙСОВ,  
НГДР-43 тобының студенті







# Тарихи және саяси маңыздылығы жоғары мереке

Республика күні 1990 жылғы 25 қазандағы «Қазақ Республикасының егемендігі туралы» декларациясының қабылдануымен байланысты пайда болды. Бұл дата 1992 жылдан бастап атаулы күндер қатарына енгізіліп, 2001-2009 жылдар аралығында мемлекеттік мереке ретінде атап өтілді. Алайда 2009 жылдан бастап «Республика күні» мемлекеттік мерекелер сапынан түсіп қалды.

Биыл маусым айында өткен ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысында ҚР Президенті Қ.Тоқаев: «Біз – тарихтан тағылым ала білген халықпыз. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Осы құжатты қабылдаған кезде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев аса маңызды, тіпті шешуші рөл атқарды. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн – мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ, тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек» деп айтқан болатын.

Осыдан кейін Президенттің тарапынан мемлекеттік мерекелерді тойлау жөніндегі тиісті заңдарға қол қойылып, 13 жыл аталмай келген «Республика күні» ұлттық мереке ретінде қайтып оралды. Бұл мерекені жаңғырту өте дұрыс қадам болды. Өйткені егемендіксіз тәуелсіздік



те болмас еді деп есептейміз. Бұл – ата-бабаларымыз ұзақ жылдар бойы ансаған егемендік таңы атқан сәт, елдігімізді, мемлекеттігімізді, бірлігімізді айқындай түсетін маңызды мереке деп білеміз.

Қазақ Республикасының егемендігі туралы Декларацияның қабылдануының тарихи алғышарттарын, саяси мәні мен маңыздылығын қарастырар болсақ, бұл тарихи оқиға КСРО-ның ыдырауымен байланысты кезеңге сәйкес келеді. Мәселен, 1986 жылдан бастау алған Горбачевтың қайта құру саясаты, оның ішінде экономиканы жеделдете дамыту, қоғамдық-саяси өмірдегі жариялылық бағыттары қазіргі либералдық тұрғыдан қарағанда дұрыс саясат болғанымен, сол кездегі КСРО үшін қауіпті еді. Бұл саяси бастамалар 70 жыл бойына үстемдік құрған әкімшіл-әміршіл жүйенің, қызыл империяның құлауын жақындата түсті.

1977 жылы (7 қазанда) КСРО конституциясы, ал 1978 жылы (20 сәуірде) қабылданған Қазақ КСР-нің конституци-

ясы мемлекеттегі және қоғамдық өмірде пайда болып жатырған өзгерістерге жауап бере алмай қалды. Уақыттың талабына сәйкес келмеді. Осы кезде Одаққа кірген республикаларға заман талабына сай жаңа құжаттарды қабылдау керек болды. 1989-1991 жылдардың аралығында одақтас республикалар бірінен соң бірі егемендіктерін жариялай бастады. Мұны тарихта «Егеменді елдердің шеруі» («Парад суверенитетов») деп атайды. 1988-1989 жылдары Балтық елдері және Әзірбайжан мемлекеті өздерінің егемендіктерін жарияласа, одан кейін 1990 жылы Грузия, Ресей, Өзбекстан, Молдова, солай кете берді.

Кенес Одағынан бөлек, өз алдына жеке-дара, дербес саясат жүргізуге ұмтылған Қазақ Республикасы 1990 жылы 25 қазанда егемендік туралы декларацияны қабылдады. Конституциямен пара-пар саяси маңызы жоғары, 17 тармақтан тұратын құжатта Қазақстанның аумағының біртұтастығы,

саяси биліктің жіктелісі, басқару органдары қалай қызмет атқаратыны, азаматтарының құқықтарының қатаң түрде қорғалатыны, саяси еркіндіктер берілетіні, меншіктің алуан түрі болатыны, «КСРО құрамынан ерікті түрде шыға алатыны», «халықаралық қатынастың субъектісі» ретінде сыртқы саясатын айқындап, өзге елдермен дипломатиялық байланыс орната алатыны және БҰҰ тәрізді халықаралық ұйымдардың жұмысына қатыса алатыны жазылған. Сонымен «Қазақ КСР-нің егемендігі туралы» декларациясы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялауына жол ашқан тарихи және саяси жағынан маңызды құжат болып табылады. «Егемендік декларациясы» мен «Тәуелсіздік туралы Заңның» арасында тарихи сабақтастық жатыр.

Биыл Мемлекет басшысы «Жаңа Қазақстан», «Әділетті Қазақстан» және «Екінші республика» деген ұғымдарды жиі айта бастады. «Екінші республика» тұжырымдамасының 25 қазан – Республика күнімен тікелей қатысы бар деп ойлаймыз. Өйткені, «Бірінші республика» Қазақстанның егемендігі туралы декларациясынан және Тәуелсіздік заңынан бастау алады деп есептейміз. Бұл тұрғыдан қарағанда Республика күнінің саяси маңыздылығын арттыра түседі.

Қазіргі әлемдегі күрделі геосаяси жағдайларға қарамастан, еліміз егемендігін сақтап, тәуелсіз мемлекет ретінде дами береді деп кәміл сенеміз. Республика күні құтты болсын! Мемлекетіміздің іргетасы одан сайын нығайып, беделі арта берсін!

**Есқайрат ХАЙДАРОВ,**  
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың  
аға оқытушысы, тарих  
ғылымдарының кандидаты

## Еңбектері елеулі ардагерлер



Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің 60 жылдық мерей тойына орай «Политехникалық институтта» ардагер ұстаздармен кездесу кеші өтті.

Кешті «Жалпы техникалық дайындық орталығының» аға оқытушылары Асыл Мақымқызы Бисенғалиева, Қайрлы Оқасқызы Дюсегалиева, Гүлмира Сапарбекқызы Сайфутдинова ұйымдастырды.

Ел қамын ойлап, елеулі еңбек сіңірген абыройлы адамды халық әр уақытта жоғары бағалайды. Өткізілген іс-шараға қоғамда ерекше істерімен, ақыл-парасатымен, адамгершілік асыл қасиетімен, беделімен жұртшылыққа танылған еңбек ардагерлері шақырылды. Олар – «Техни-

ка және инженерлік қорғау» жоғары мектебінің доценті Майдан Қабатайұлы Бралиев, «Электротехника және автоматика» жоғары мектебінің профессоры, техника ғылымдарының докторы Ермек Сәтпайұлы Айталиев, «Жалпы техникалық дайындық» орталығының профессоры, техника ғылымдарының кандидаты Бекет Нұрғалиұлы Нуралин. Шараға қатысқан институттың 1-курс білім алушылары меймандарға түрлі сауалдар қойып, өнегелі әңгімелерін тындады. Білім беру саласында ұзақ жыл жемісті еңбек етіп, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде біраз жетістіктерге жеткен ардагер ұстаздар өмір жолдарындағы тәжірибелерімен бөлісті.

Кеш соңында білім алушылар жүздесуден алған шексіз әсерлерін, мамандық таңдауда қателеспегендерін айтып, алғыстарын жеткізді.

## Газ сақтау және тасымалдау тәсілдерін үйренді

2022-23 оқу жылының сабақ кестесіне сәйкес 10-14 қазан аралығында «Мұнай, газ және химиялық инженерия» жоғары мектебінің профессор-оқытушылар құрамы «Интергаз Орталық Азия» мекемесіне қарасты «Орал желілік өндірістік басқармасы» газ сақтау және тасымалдау өндірістік-зертханалық базасында «Мұнай-газ ісі» және «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» білім беру бағдарламаларының білім алушыларымен практикаға бағытталған дәрістер мен практикалық сабақтар өткізді.

Практикаға бағытталған дәрістер бірінші кезекте білім алушылардың еңбекті және өміртіршілігін қорғау талаптарына сәйкес арнайы мамандардың нұсқауына алу және тіркеу журналдарына танысудан басталды. Содан соң «Орал желілік өндірістік басқармасы» мекемесінің учаске басшысы газды сақтау, тазалау, сығу және тасымалдау процестері жөнінде өндіріс жұмыстарындағы технологиялық процестерді таныстыра жүріп, білім алушыларға мекеме туралы мағлұмат берді. Өндірістегі сатылы түрде жүретін қызықты процестердің арқасында білім алушылардың қызығушылықтары оянып, өз тараптарынан кейбір жабдықтардың

жұмыстары мен негізгі нәтижелері және газдың әр-түрлі жағдайдағы тасымалдануы туралы өзара пікірталасқа түсті.

Дәрістер «Мұнай мен газды өндірудің техникасы мен технологиясы», «Мұнай мен газ кенорындарын игеру» және «Мұнай мен газды сақтау және тасымалдау» пәндері бойынша жүргізілді. Сабақ соңында «Мұнай, газ және химиялық инженерия» жоғары мектебінің оқытушылары: А.С.Купешова, Б.Ж.Бурханов, А.К.Абдығалиева, А.А.Мурзағалиева және Р.И.Джусупкалиева білім алушылардың өндірістегі процестері бойынша сұрақтар қойып жеке тапсырмалар берді.







## Реализация международного проекта

Начиная с 2020 года в ЗКАТУ имени Жангир хана реализуется международный проект Erasmus+ SAGRIS «Совершенствование послевузовского образования в сфере устойчивого сельского хозяйства и агросистем будущего».

Проект ставит своей целью усовершенствовать подготовку аспирантов и докторантов согласно международным стандартам качества, а также стремится дать принципиально новые знания, используемые при принятии эффективных решений для решения проблем и задач устойчивого сельского хозяйства и агросистем будущего – темы национального и международного значения.

Международная команда участников проекта разрабатывает учебные модули, они представляют собой 4 инновативных дисциплины, разработанные для третьей ступени обучения. Два из них являются содержательными, два – методологическими. Они были определены как приоритетные для вузов-партнеров из России и Казахстана в рамках темы «Устойчивое сельское хозяйство и агросистемы будущего». Модули SAGRIS разрабатываются в соответствии с европейскими стандартами качества и принципами Болонского процесса. После их пилотной



Лекция доцента А.Д.Ибыжановой на блок-семинаре 3

1. Управление данными научных исследований
2. Подготовка научных публикаций, включая методы исследовательской работы с литературой
3. Современные методы статистики
4. Презентации, ориентированные на целевые группы (постер, ppt)
5. Подготовка заявок на грант
6. Управление проектами и тайм-менеджмент

Проект направлен на решение проблем в области подготовки научно-педагогических кадров согласно международным стандартам качества и ставит своей целью повышение уровня знаний в сфере устойчивого сель

ским образовательным программам третьего цикла и т.д.

Международная команда представлена 5 европейскими университетами – Университет Нюртинген-Гайслинген, Варшавский университет естественных наук, Чешский университет естественных наук, Немецкий институт сельского хозяйства в тропиках и субтропиках, Эстонский университет естественных наук; 4 университетами Российской Федерации – Ставропольский государственный аграрный университет, Новосибирский государственный аграрный университет, Бурятская государственная сельскохозяйственная академия, Якутская государственная сельскохозяйственная академия; 4 университетами Казахстана – Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, Казахский национальный аграрный университет, Университет Жангир Хана, Костанайский государственный университет им. А.Байтурсынова.

От нашего университета в рабочую группу проекта входят: Богдашкина И.В. – координатор проекта, начальник управления стратегического развития и анализа, кандидат педагогических наук. Оңаев М.Қ. – директор Агротехнологического института, кандидат технических наук, доцент. Кушенбекова А.К. – старший преподаватель Высшей школы технологии производства продукции растениеводства, доктор PhD. Нагиева

биобезопасности, доктор PhD. Иргалиева Г.Х. – администратор проекта, специалист отдела Международного сотрудничества, магистр педагогических наук. Ибыжанова А.Д. – руководитель Высшей школы экономики и аудита, кандидат экономических наук.

В рамках проекта будет непосредственно наращиваться потенциал задействованного персонала путем проведения запланированных учебных мероприятий (ознакомительных поездок), а также путем осуществления таких проектных мероприятий, как: встречи межвузовских рабочих групп по разработке модулей и обмен мнениями, расширение профессиональных горизонтов с целью освоения комплексных подходов и интегрированных решений;

ружение в теорию и практику применения современных методов научных исследований с учетом опыта ученых и достижений докторантов из университетов Казахстана, России, Германии, Чехии, Польши. Программа блок-семинара была насыщенной: для аспирантов России и докторантов Казахстана были предусмотрены лекции ученых из Германии, Чехии и Польши, семинары, мастер-классы представлению научных материалов в международных изданиях. Синергия проектов и интеграция в научное сообщество, а также представление завершенных проектов с демонстрацией научных достижений на основе применения разнообразных методов научного исследования позволили качественно подготовить презентации



Участники блок-семинара по 3 модулю после вручения сертификатов

опыт разработки, тестирования и внедрения новых модулей; обмен знаниями и опытом в сотрудничестве с экспертами из других вузов-партнеров; налаживание контактов с экспертами от консультативных и ассоциированных партнеров; работа команды в области межкультурного и междисциплинарного сотрудничества и другие.

Так, в апреле и мае 2021 года прошли серии тематических онлайн воркшопов, где разработчики модулей представили научно-академическому сообществу разработанные материалы, получили обратную связь от академиков РАН и НАНОЦ, а также от экспертов из аккре

групповых проектов аспирантов России и докторантов Казахстана, что вызвало активное и конструктивное обсуждение среди участников блок-семинара. На семинаре от нашего университета с лекциями на темы «Модели прогнозирования в исследованиях аграрного производства» и «Регрессионные модели в аграрных исследованиях» выступила доцент Ибыжанова А. Д. Также, были созданы проектные группы из докторантов для решения кейсов по темам модуля. В работе групп очень хорошо показали себя наши докторанты 1 курса – Гульмира Бекова, Айгерим Кожаяева, Асхат Жумабаев.

Следующим этапом проекта станет проведение обучающих семинаров для преподавателей на базе европейских вузов.

Таким образом, посредством реализации проекта SAGRIS вовлеченные вузы модернизируют свое образовательное предложение 3-го цикла: 4 новых модуля по актуальным вопросам будут разработаны на основе определенных рабочими группами результатов обучения и подходов, ориентированных на учащихся. С целью облегчения образовательного процесса для аспирантов/докторантов модернизируется оборудование, программное обеспечение и литература. Сотрудничество экспертов одних и тех же областей обучения из разных вузов способствует выдвиганию дальнейших идей по совместным проектам, публикациям и исследованиям (включая со-руководство научных работ).

**Айжан ИБЫЖАНОВА,**  
руководитель ВШ  
«Экономики и аудита»



Докторант Асхат Жумабаев с презентацией проекта

апробации в 2021-2022 гг., модули будут включены в образовательные программы аспирантуры (в России) и докторантуры (в Казахстане).

Каждый из 4 модулей рассчитан на 4 ECTS (з.ед.), имеет уникальные результаты обучения и предполагает применение студентоцентрированного подхода. Например, Модуль 3 «Современные методы научных исследований», этот модуль предлагает аспирантам и докторантам обзор того, как разрабатывать, планировать и проводить передовые научно-исследовательские проекты от начала до завершения: включая написание предложений, сбор данных, анализ и обмен результатами посредством публикаций и презентаций. Продвигая строгую научную практику, они с большой вероятностью будут проводить соответствующие исследования, которые будут иметь значение в более широких дебатах об устойчивости.

Модуль содержит следующие темы:

ского хозяйства и агросистем будущего – темы, имеющей национальное, межрегиональное и международное значение.

Ландшафты и экономика России и Казахстана характеризуются большими сельскохозяйственными площадями. Политика обеих стран рассматривает инновационное развитие аграрного сектора как одно из приоритетных направлений своей деятельности. Наряду со всеми предпринимаемыми мерами ощущается нехватка квалифицированных специалистов и инновационного потенциала. Инициативы по наращиванию человеческого потенциала на всех уровнях (фермеры, специалисты, менеджеры), а также по совершенствованию деятельности вузов стали ответом на существующие недостатки. Несмотря на успешную реализацию Болонской реформы, вузы пока не могут стать конкурентоспособными на международном уровне, так как наблюдаются «утечка умов» молодых талантов, обучение по устарев-



Участники проектной группы – докторанты КазНАУ и ЗКАТУ им. Жангир хана

А.Г. – и.о.доцента Высшей школы Почвоведения, агрохимии и земледельства, доктор PhD. Закирова Ф.Б. – доцент Высшей школы ветеринарии и биобезопасности, кандидат сельскохозяйственных наук. Монтаева Н.С. – старший преподаватель Высшей школы ветеринарии и

дитационных агентств России и Казахстана.

В течение 2022 года прошли блок-семинары по каждому модулю. В течение недельного блок-семинара по модулю 3 в Казахский агротехнический университет им.С.Сейфуллина было обеспечено глубокое пог-





## «Менің арманымдағы Қазақстан»

Республика күні қарсаңында Жәңгір хан университетінде білім алушылар арасында осындай тақырыптағы республикалық эссе байқауының университетшілік кезеңі ұйымдастырылған болатын. Шығармашылық байқауға қатысқан студенттердің таңдаулы жұмыстарын назарларыңызға ұсынып отырмыз.



**Сабрина СӘРСЕНОВА,**  
Политехникалық (ЭС-11) институттың  
1-курс студенті:

– Менің арманымдағы Қазақстан – индустриясы жоғары, инфрақұрылымы дамыған, елінің дамуы мен ілгерілеуіне үлес қосып жүрген ұлы зерделілер мен зерттеушілердің мекені. Елім ешкімге тәуелді болмай, адал, еңбекқор, мақсатты азаматтардың мекені болса екен деймін. Ал еліміздің басшылары өз кезегінде ғылыми-өндірістік жұмыстарға, жаңа бастамаларға мүмкіндіктер жасауы тиіс.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің «Электрмен жабдықтау және энергетика» факультетінің студенті ретінде оқуымды аяқтаған соң, өз мамандығымның жоғары білікті маманы атанып, еліміздің жарқын болашағы үшін еңбек етемін деп нық сеніммен айта аламын. Инженер-энергетик мамандығының иесі ретінде мен энергияны өндіруге, түрлендіруге, сақтауға немесе таратуға арналған шешімдерді қабылдап, энергиямен қамтамасыз ететін боламын. Менің міндеттеріме тиісті жүйелер мен машиналарды жоспарлау және жобалау, сондай-ақ олардың жұмысын қадағалау кіреді. «Инженер мамандығы» дипломын алған соң, жұмысымды электр желілерін тарту арқылы электрмен жабдықтаудың жаңа инфрақұрылымын салу жобасынан бастағым келеді. Мұндай инфрақұрылымдар еліміздің әр өңірінде салынуы керек деп ойлаймын. Ол ескі немесе шамадан тыс жүктелген жүйелерге жүктемені жеңілдетуге және Қазақстанның қарқынды дамып келе жатқан экономикалық орталықтарын жақсырақ, күштірек қуатпен қамтамасыз етуге көмектеседі. Өйткені, күн сайын елімізде тұрғындардың саны артып келеді. Бұл, әсіресе, ірі қалаларда электр энергиясына деген сұраныстың күрт өсуіне әкеліп соғатыны сөзсіз. Қаланың барлық энергетикалық ресурстарының шамамен 70%-ы өнеркәсіпте және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығында тұтынылады, оның басымы бөлігі жарықпен және жылумен қамтамасыз етуге жұмсалады. Осылайша мен тұрғындарымыздың баспанасына барынша жағдай жасай отырып, арманымдағы Қазақстанды тұрғыза аламын.



**Дильназ АЛИБЕКОВА,**  
Политехникалық (ОПД-11) институттың  
1-курс студенті:

Менің арманымдағы Қазақстан қандай? Бұл – халқы өз еліне сенімді ел. Өз Отанынан асқан ел жоқ деп есептейтін және Отанын шын сүйетін халқы бар ел. Қазақстандықтар жер бетіндегі әрбір тіршілік иесі қасиетті екенін, ешбіреудің өміріне немесе мүлкіне қол сұғуға құқығы жоқ екенін түсінеді. Адамдар бір-біріне шыдамды және толерантты, өзін және отбасын ғана емес, сонымен бірге әрбір жанды түсінеді және құрметтейді.

Менің ойымша, біріншіден, мен армандаған елде қылмыс болмауы керек, әркім өз елінің патриоты, үлгілі азаматы болуы керек, өйткені біздің қоғам өзімізден басталады. Біздің елде әрбір адам өзі қалағандай жоғары білім алуы керек. Материалдық жағдайы келмесе де, білімнен құр қалмауы тиіс, өйткені жақсы білім сапалы өмірге жетелейді. Менің армандаған елімде «емделмейтін дерт» деген түсінік болмауы тиіс, ал емдеудің өзі тіпті шет елде де қолжетімді болады. Біздің қазіргі заманғы қалалардың бүкіл аумағы мүмкіндігінше көгалдандырылып, табиғи қорыққа ұқсас болғаны жөн.

Ал мұндай Қазақстанда, әрине, демократия орнайды. Бай мен кедей арасында қатты айырмашылық болмайды, әркім ақылға қонымды өмір сүру деңгейіне ие болады. Гуманизм дәуірі де алыс емес. Біз өз арманымыздағы Қазақстанды өзіміз жасайтынмызды түсінетін уақыт жетті. Алайда тек армандау жеткіліксіз, ортақ арманға жету үшін әрекет жасап, талмай еңбек ету керек.



**Айсейім БОЛАТОВА,**  
Агротехнология институтының (ТПР-11)  
1-курс студенті:


– Мен армандаған Қазақстан мүлдем басқаша. Онда татулық, береке-бірлік үйлесім тапқан. Ешкім ешкімді режітпейді, ала жібін аттамайды, бір-біріне сенеді. Қазіргідей бірнеше ұлт пен ұлыс бір мемлекетте бақытты ғұмыр кешеді. Қазақстанды әлем таниды. Мұнда жемқорлық мүлдем жоқ. Әр адам өзінің шығу тегін, тарихын, жеті атасын жатқа біледі. Әр қазақ ана тілін жақсы біледі, дініне сенеді. Әрбір қазақ – патриот. Менің арманымдағы Қазақстанда әр отбасы бақытты, тұрмысы нашар жанұя жоқ. Мұнда барлығы бай-бақуатты. Мен армандаған Қазақстанда халық билікке сенеді, билікке қарсы шықпайды. Міне, менің арманымдағы Отаным осындай бақытты болар еді.

«Елу жылда – ел жаңа» деген. Елімнің дамуы осындай дәрежеде боларына үмітпен қараймын. Осындай қиыншылықпен келген егемендігіміздің туын желбіретіп, ата-бабаларымыздың армандаған тілектерін орындау мақсатында, болашақта елімнің дамыған алдыңғы қатарлы алпауыт мемлекеттердің алдында болуына мен де өз біліміммен, еңбегіммен үлесімді қосамын.

## Отан туралы «отты» сөздерді біле жүріңіз!

Алтын ұяқ — Отан қымбат,  
Құт-берекең — атаң қымбат,  
Аймалайтын — анаң қымбат,  
Асқар тауың — аең қымбат.  
(Қазыбек би)

Бұл бұл  
гүлзаны сүйеді,  
Адал адам Отанын  
сүйеді.



Отан  
қадіріне жетпеген  
өз қадіріне жетпейді.

Отан  
үшін еңбек етсең,  
халқыңның сүйген ұлы  
боласың.

Орағың өткір болса,  
қарың талмайды,  
Отаның берік болса,  
жауың алмайды.

Отаны  
бірдің жүрегі бір,  
Жүрегі бірдің  
тілегі бір.

### Меншік иесі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті.  
Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа орталығының директоры  
**Ләззат ҚАЖЫМОВА**  
Компьютерде беттеуші және дизайнер  
**Қайрат ИСИМОВ**

Бас маман  
**Анар НҮРЛАНҚЫЗЫ**  
«Заңғар» газетінің маманы  
**Дина ЖАНГАЛИЕВА**

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.  
Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 559  
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

### Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы,  
Жәңгір хан көшесі, 51.  
Бас ғимарат 206-бөлме  
1-42  
info\_zkatu@mail.ru